

**«Тілдік тұлға және қазіргі филология мәселелері» атты
Республикалық ғылыми онлайн-конференция туралы хабар**

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті филология факультеті қазақ тіл білімі кафедрасының ұйымдастыруымен **2021 жылдың 27 қарашасында** филология ғылымдарының докторы, профессор Мажитаева Шараның мерейлі 70 жасқа толуына орай «Тілдік тұлға және қазіргі филология мәселелері» атты Республикалық ғылыми онлайн-конференция өтті.

Шара Мажитаева 1951 жылы 25 қарашада Жамбыл облысы, Қордай ауданындағы Көктөбе ауылында (бұрынғы Ворошилов селосында) туған. 1968 жылы орта мектепті бітіргеннен кейін 1968–1972 жж. Алматы педагогикалық шетел тілдері институтында студент, 1972–75 жж. — Қарағанды мемлекеттік университеті шетел тілдері кафедрасында неміс тілі пәнінің оқытушысы, 1975–77 жж. — Алматы педагогикалық шетел тілдері институтының жанындағы 2 жылдық курстың тыңдаушысы, 1977–87 жж. — Қарағанды мемлекеттік университетінде оқытушы болып істейді. 1987–91 жж. — Тіл білімі институтында аспирант, 1991 жылдан Қарағанды мемлекеттік университетінің қазақ тілі практикалық курсы кафедрасында аға оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі болып қызмет атқарған. 1994–96 жж. аталған университеттің шетел тілдері факультетіне кафедра меңгерушісі қызметіне ауыстырылады. 1996–1998 жж. — Тіл білімі институтының аға ғылыми қызметкері, 1998 жылдан қазақ тіл білімі кафедрасының доценті, 2000 жылдан профессоры, кафедра меңгерушісі, 2021 жылдан академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің еңбек сіңірген профессоры қызметін атқарады.

1992 жылы Тіл білімі институтының мамандандырылған кеңесінде профессор Б. Әбілқасымовтың ғылыми жетекшілігімен «XX ғасырдың 20–30 жылдарындағы қазақ әдеби тілінің әлеуметтік және лингвистикалық сипаттамасы» атты кандидаттық диссертация қорғады.

2000 жылдың 30 маусымында профессор Б. Әбілқасымовтың ғылыми кеңесшілігімен Тіл білімі институтының Диссертациялық кеңесінде «XX ғасырдың I жартысындағы қазақ әдеби тілі» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғады, 2005 жылдан БҒСҚАК профессоры.

Шара Мажитаева — 300-ден аса ғылыми және әдістемелік еңбектің авторы, зерттеулері, негізінен қазақ әдеби тілінің тарихына арналған. Бұл салада 4 монография, 17 оқу құралы мен оқу-әдістемелік құрал, 200-ден астам ғылыми мақала жариялады, оның ішінде 20 мақала Web of science, Scopus базасындағы журналдарда жарияланған.

Қазақ әдеби тілі тарихына арналған «XX ғасырдың 20-30-жылдарындағы қазақ әдеби тілінің мәселелері» (1997), «XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ әдеби тілі» (1999), «XX ғасырдағы қазақ әдеби тілі» (2000) атты монографиялары, «Қазақ әдеби тілінің тарихы (ХҮ–ХХ ғғ.)» атты оқу құралы қазақ әдеби тілі тарихын зерттеушілер мен филология факультетінің студенттері үшін қажетті еңбектер қатарына жатады.

Ғалымның лексикография, тіл мәдениеті жайында да біраз еңбектері бар. Бұл саладағы ғылыми еңбектері қазақ-орыс және қазақ-шетел тілдерін салғастырмалы түрде зерттеуге арналған. Мәселен, «Орысша-қазақша-немісше сөз әдебі» (1997 жылы 1-бөлім, 1999 жылы 2-бөлім), «Орысша-қазақша-ағылшынша тілдескіш» (2001) қазақ-орыс-неміс-ағылшын тілін үйренушілер үшін көмекші құрал ретінде кеңінен пайдаланылып жүр. 4 тілдегі «Қылмыстық құқық терминдерінің сөздігін» құрастырушылардың бірі. Бұндай зерттеулер қазіргі ғаламдандыру кезеңінде өте қажетті еңбектер қатарында саналады.

Шара Мажитаева көптеген жастардың ғылым жолына түсуіне көмектесіп, олардың ғылымдағы ізденістеріне жетекшілік етіп жүрген ғалым. Ш. Мажитаеваның ғылыми жетекшілігімен 4 ғылым кандидаты, 2 философия докторы /PhD/, 30-дан аса филология магистрі қорғады.

Білім беру саласындағы еңбегі үшін Ш.М.Мажитаева 2006 жылдың қараша айында «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің құрметті қызметкері» белгісімен марапатталды.

Ш. Мажитаева — 2003-2007 жылдары Қазақ педагогикалық қыздар институты жанындағы Біріккен докторлық диссертациялық кеңестің, 2008 жылдан Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жанындағы докторлық диссертациялық кеңестің мүшесі болып, диссертациялық кеңестердің жұмысына эксперт төрағасы, мүшесі, оппонент ретінде белсене қатысты.

2019 жылдан академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті жанындағы 6D020500 — Филология мамандығы бойынша PhD философия докторы, бейіні бойынша доктор дәрежесін алу үшін диссертация қорғайтын диссертациялық кеңестің төрағасы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жанындағы 6D021000 — шетел филологиясы, 6D011900 — шетел тілі: екі шетел тілі мамандықтары бойынша PhD философия докторы, бейіні бойынша доктор дәрежесін алу үшін диссертация қорғайтын диссертациялық кеңестің мүшесі.

Ш. Мажитаеваның оқу-әдістемелік жұмыстарын, ғылыми еңбектерін ескере отырып, 2009 жылы университет кеңесінде «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің еңбек сіңірген қызметкері» атағы берілді.

Конференция модераторы филология факультетінің деканы Елдос Ерғазыұлы Түйте конференция жұмысының негізгі бағыттарымен таныстырып, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің Басқарма төрағасы-ректоры ҰҒА корреспондент-мүшесі, заң ғылымдарының докторы, профессор Дулатбеков Нұрлан Орынбасарұлының құттықтауын жеткізді.

Конференцияның алқалық мәжілісі академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің Басқарма-мүшесі, ғылыми жұмыс жөніндегі проректор профессор *Еркебұлан Мұратұлы Тажбаевтың* құттықтау сөзімен ашылды. Құттықтау сөзінде проректор Шара Мажитаеваның Web of science, Scopus базасындағы рейтингісі жоғары журналдардағы мақалалары туралы, университетіміздегі Хирш индексі жоғары ғалымдар қатарында екендігіне тоқталып, конференция жұмысына сәттілік тіледі.

Алқалық мәжілісте филология ғылымдарының докторы, Ресей халықтар достығы университеті орыс тілі және мәдениаралық коммуникация кафедрасының профессоры *Улданай Максұтовна Бахтикиреева* «О внутренней детерминанте агглютинативных и флективных языков с позиции системной лингвистики» тақырыбында баяндама жасады.

Мерейтой иесінің шәкірті, филология ғылымдарының кандидаты, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті қазақ тіл білімі кафедрасының профессоры *Жанат Дабылқызы Рапишева* «Профессор Ш. Мажитаева еңбектеріндегі әдеби тіл мәселелері» тақырыбындағы бас баяндамада филология ғылымдарының докторы, профессор Шара Мажитаеваның өмірі мен ғылымдағы жетістіктерімен, қазақ әдеби тілінің жарты ғасырлық тарихына қатысты зерттеулерімен таныстырды.

Филология ғылымдарының докторы, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының профессоры *Айман Мырзалықызы Алдашева* «Тілдік тұлға vs ғалым тұлғасы: тану, ажырату параметрлері» атты баяндамасында тіл біліміндегі тілдік тұлға мәселесі туралы, тілдік тұлғаның түрлеріне қатысты өз ойын ортаға салды. Қазіргі филологияның өзекті мәселелерін зерттеуді профессор Ш. Мажитаеваның өзі де, докторант, магистранттары арқылы да, өзге зерттеушілермен қатар да жалғастыруы үшін жаһандану мен ұлттану тайталасқа түскен қазіргі кезеңде қазақ тілінің өміршендігі жолында әлі де талмай еңбек ететініне сенім білдірді.

Алматы қаласындағы А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтынан келген филология ғылымдарының докторы, профессор *Жамал Айтқалиқызы Манкеева* «Көркемдік дискурсты танудың антропоөзектік уәжділігі» атты баяндамасында тілді адаммен байланыста зерттеу, антропоөзектік зерттеулер туралы айта келіп, Ш. Мажитаеваның еңбектерімен байланыстырды.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі, ЖОО үздік оқытушысы грантының иегері *Айгүл Амантайқызы Сатбекова* «Үздік ұстаздың ұлағаты» атты баяндамасында қазақ және жалпы тіл білімі саласының маманы Ш. Мажитаеваның ғылыми еңбектері негізінде жарты ғасырдағы қазақ әдеби тілінің мәселелеріне қатысты сөз қозғап, республикамызда PhD философия докторлары мен магистранттарды дайындау ісіне зор үлес қосып келе жатқан

Ш. Мажитаева туралы оқыту және тәрбие ісінде ұстаздық, ғалымдық пен ұйымдастырушылық қызметтерін өзара ұштастыра білген бірегей тұлға деп қорытындылады.

Конференцияның соңында басқа жоғары оқу орындарынан келген оқытушылар, замандастары, әріптес достары, филология факультеті ұжымы мен шәкірттерінің құттықтау сөздеріне кезек берілді.

«Қазақстан Республикасы білім беру ісінің құрметті қызметкері», 2007 және 2011 жылғы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы», «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің еңбек сіңірген қызметкері», академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің еңбек сіңірген профессоры Мажитаева Шара ардақты ұстаз, бірнеше тілді жетік меңгерген полиглот-ғалым, қазіргі заман талабына сай өмір сүріп, қызмет етіп келеді. Жұмыстан, ізденуден шаршамайтын еңбекқор апамызға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр тілейміз!

Ж.Д. Рапишева, филол. ғыл. канд.,
академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
қазақ тіл білімі кафедрасының профессоры

Е.Е. Түйте, филол. ғыл. канд.,
академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
қазақ тіл білімі кафедрасының қауымдастырылған профессоры